

ғана болады. Халықтың, әсіресе заңгерлердің белсенділігі үш түрлі, үш деңгейде болады: біріншісі — құқықтың субъектілері өзара қатынасты тек дұрыс басқарып, жаңалыққа ұмтылмау — сылбыр, енжар деңгейі; екіншісі — эвристикалық деңгей — құқықтың субъектілерінің жаңалыққа талпынып, мәселені шешудің жолдарын табу; үшіншісі — интеллектуалдық деңгей — жаңалықты ашуда үзілістің болмау, жоғары дәрежеде белсенділікті көрсету. Белсенділіктің соңғы екі түрі құқықтық сана-сезімнің дамуына өте зор әсер етеді. Құқықтық сананың мазмұны әр таптың, қоғамның экономикалық, саяси, мәдени өмірінде алатын орнына байланысты. Құқықтық сана халықтың саяси және құқықтық жауапкершілігін арттырады, өздерінің заңдарда көрсетілген құқығы мен міндеттерін адал орындап отыруына, мемлекет және еңбек тәртібін қатаң сақтауға зор үлес қосады. Қоғамдық сана-сезімнің басқа нысандарына қарағанда құқықтық сана адамдардың ой-өрісіне, рухани ойлану процесіне өте зор әсер етеді. Себебі құқықтық қатынаста адамдар нормативтік актілерді бұлжытпай орындаулары керек, екі жақты құқық пен міндет бар, дұрыс орындалмаса, жауапкершілік бар. Сондықтан құқықтық қатынастардың субъектілеріне түсетін ауыртпашылық айтарлықтай мол[1].

Жоғарыда айтылғандай құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру мәселелері қазіргі қоғамның өміріндегі маңызды мәселе болып табылады. Құқықтық мәдениет пен құқықтық сана әлеуметтік нормативтік реттеудің маңызды элементі болып табылады, сонымен қатар олар қоғамның өмірін басқаруға негіз болады, яғни, мемлекеттік биліктің жұмыс істеуінің конституциялық және құқықтық негіздері, басқару жүйесі ретінде қалыптасады. Құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру процесінде заңға, құқыққа, азаматтардың өз құқықтары мен міндеттеріне мемлекет пен қоғамға деген оң көзқарас қалыптастыру басты міндет болып табылады. «Әлемді өзгерткіңіз келсе - өзіңізден бастаңыз» демекші Ел басымыз қабылдаған құқықтық мәдениет пен құқықтық сананы дамытуға бағытталған бағдарламаларды насихаттау және оны жүзеге асыру арқылы елді, жалпы қоғамды дұрыс жолға бағытаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Бирманова А.И. «Қазақстанда құқықтық сананы жақсарту бағыттары» <https://articlekz.com/kk/article/15605>
- 2 Еликбаев Н.Е., Еликбаева Л.Н. Правосознание и правовая культура в Казахстане: проблемы теории [Текст] / Еликбаев Н.Е., Еликбаева Л.Н. // Вестник Карагандинского юридического института Министерства внутренних дел Республики Казахстан. – 2004. – Выпуск 2(10). – С. 140-145.
- 3 Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы 17.04.2017 ж. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
- 4 Айдарбекова Г.Б. Функциональная характеристика правовой культуры общества и правосознания в теории права [Текст] / Айдарбекова Г.Б. // Вестник КазНУ. Серия юридическая. – 2011. – №4(60). – С. 36-39.
- 5 Бельский К.Т. Социалистическое правосознание: диалектика

ЖАСТАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Шакирова А.Б., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м.

Ысқақ А., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, заң факультетінің 3 курс студенті

Мемлекетімізде қазіргі таңда қоғамның қарқынды дамумен қатар, жас ұрпақтың әлеуметтік бағытталуы және азаматтық қалыптасуы үшін ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық жағдайлар жасау арқылы барлық саланы жандандыруда. Сондықтан қоғамның әр саласында түрлі мақсаттар қойылып, оларды шешуге арналған міндеттер атқарылуда. Тәрбие мен білім беру саласында да жаңа әдіс-тәсілдер, технологиялар анықталып, жеке тұлғаны қалыптастырудың жаңарған модельдері жасалуда.

Жастар арасындағы тәрбие жұмысын тиімді жүргізу - бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі болып отырғаны жасырын емес. Әсіресе, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу, құқық бұзушылықтың

алдын алу, әр түрлі жат діни ағымдардың теріс идеологиясына жастардың төтеп беруі, ұлтаралық келісімді нығайту сияқты тәрбие жұмыстарының басты бағыттары айқандалуды қажет етеді. Әлеуметтанушылар «жастар» деген ұғымды жас ерекшеліктер және сонымен байланысты қызмет түрлерінің негізінде пайда болатын топтасқан көпшіліктің жалпылама жиынтығы ретінде айқындайды. Тар мағынада, жастар–жас адамдардың әлеуметтік жағдайының ерекшеліктері, олардың қоғамның әлеуметтік құрылымындағы орны мен қызметі, ерекше құндылықтары мен мүдделері негізінде бөлінетін әлеуметтік-демографиялық топ деп қарастырады. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес 14 жастан 29 жасқа дейінгі адамдарды жастар деп атау қабылданған. Бұл жастағы адамдар тобы еліміздегі тұрғындар санының 27,4% (4 510 435 адам) құрайды және өте маңызды болып табылады, тіпті оларды қоғамдағы ең шешуші звено деп айтуға болады[1].

Жастар кез келген мемлекеттің кешенді дамуы үшін стратегиялық ресурс болып табылады. Жастардың пікірлерін зерттеу, жастар саясатының үрдісіне, жастардың бүгінгі таңдағы құндылықтарына және қазіргі жай-күйіне уақытылы мониторинг жүргізу мемлекет үшін өте маңызды. Бұл мақсатта Қазақстан Республикасындағы жастар саясатының іске асырылуын зерделеу жөніндегі бірқатар социологиялық және талдамалы зерттеулер жүргізілуі аса маңызды болып табылады.

Жалпы қоғам және мемлекет жастар тәрбиесіне әрдайым ерекше көңіл бөліп, қаперден шығарған емес. Әсіресе отан қорғаушылар үшін тәрбие мен тәртіптің мемлекет алдындағы жауапкершіліктің бірінші кезекте тұратыны белгілі жағдай. Әл-Фараби бабамыздың: «Адамға бірінші тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілетін білім адамзаттың қос жауы. Ол келекшеке адам өміріне және қоғамға үлкен апат әкеледі»[2] - деген терең мағыналы қанатты сөзі бүгінгі біздің қоғам үшін де негізгі қағидаға айналды.

Жастар саясатын жүйелі жүргізу қажеттілігі өзінің әлеуметтендіру процесінде жас адамның кезігіп отыратын өмір қиыншылықтарымен айқындалады. Әсіресе, әлеуметтік-экономикалық проблемалардың шешілмей отырғандығын атап өтуге болады. Жастар өзінің біліктілігі және кәсіби даярлығы деңгейінің төмендігіне байланысты халықтың аз қорғалған бөлігі болып табылады. Мемлекет жастардың қоғамдық өмірге бейімделуінде олардың құқықтық тәрбиесі мен құқықтық санасының ерекше орын алатынын әртүрлі саяси даму жолдары ретінде айқындауда. Құқықтық тәрбие - мемлекеттік органдар мен қоғамдастықтың азаматтар мен лауазымды тұлғаларда құқықтық сана мен құқықтық мәдениет қалыптастыруға бағытталған әрекеті ретінде танылса, ал құқықтық сана қоғамдық өмірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайларымен, оның мәдени-құқықтық, демократиялық не авторитарлық дәстүрлерімен айқындалатын, қоғамдық болмыстан туындайтын идеялар мен көзқарастардың материалдық қатынастардың жемісі ретінде сипатталады[3;24].

Қазіргі кезеңде құқықтық сананы қалыптастырудың басым бағыттарына мыналар жатады: құқықтық сауаттылық пен құқықтық сананы, әлеуметтік-құқықтық белсенділікті, құқықтық нормаларын сақтауды міндеттілік деп санайтын, өзін заңмен қорғалатын қоғамның тең құқылы азаматы ретінде сезінетін, азаматтылық жауаптылық пен өзін-өзі сыйлауды, тәртіпті, өзге адамдардың құқығы мен бостандығын сыйлауды, демократиялық құқықтық құндылықтарды бағалау [4;36].

Қоғамдағы құқықтық сананың жағдайы, құқықты түсінудің деңгейі, заңдылықтың талаптарын орындау қажеттілігін түсіну, заңдылықты сақтау, заң шығарудың ерекшелігі, оның мазмұны мен нысанына көңіл бөлу арқылы толықтырылып отырылады. Осыған сәйкес жастардың құқықтық санасын жетілдіру мақсатында мемлекеттің араласуымен қазіргі таңда көптеген іс-шаралар қолға алынуда. Заманға сай, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу - мемлекетіміздің маңызды стратегиясы. Біз тарихи білім мен тәрбиені ұштастыра білуіміз керек. Төл тарихымыздың тәлім-тәрбие аларлық, үлгі боларлық тұстары жеткілікті. Ұлтымыздың қалыптасуын, мәдени дамуын, ел қорғаған батырларының ерлік істерін, әскери-саяси тарихын, тарихи тұлғалардың өмір жолын, халық ауыз әдебиетін, даналардың ғибратты нақыл сөздерін нақты дерек көздері арқылы білгені жөн. Ұлттық құндылықтарды насихаттаудың әлеуметтік мәні зор. Халықтық тәлім-тәрбие-қазақ халқының тарихи қалыптасқан қоғамдық санасының практикалық көрінісі, әлеуметтік тәртіптің айғағы. Халықтық дәстүрді, ұлттық мәдени құндылықтарды қазіргі саяси жағдайда өркениетті өмірмен байланыстыру - тәлім-тәрбиенің басты шарты. Әлеуметтік мәні зор ұлттық құндылықтардың мән-мағынасын ұғындыру, оның жастардың санасына, сезіміне әсер ететіндей дәрежеде жеткізу асқан шеберлікті қажет етеді. Бірақ қолға алған ұлттық мемлекетіміздің тәуелсіздігін сақтап қалу, оның әлеуметтік, саяси өркендеуін қамтамасыз ету үшін келешек ұлт болашағы жас жеткіншектеріміздің қоғамдық-саяси дәрежесіне, ұлттық тәуелсіздік идеясының олардың санасына қай дәрежеде қалыптасуына

байланысты. Қазіргі кезде білім беру ісінде жеке тұлғаны жан-жақты дамытып, танымдық іс-әрекеті мен ой-өрісін жетілдіруде ұлттық негізді айқындау - өзекті мәселе болып табылады. Әрбір жас жеткіншекті жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтардың көзін ашып дамытуымыз қажет.

Құқықтық сана мемлекетте қалыптасқан құқықтық жүйе әділ сот қызметтерінің айнасы болып табылады. Құқықтық реттеу барысында адамдар құқықтың әділеттілігін немесе оны қолдану барысындағы заңсыздық пен бассыздықтан туындайтын әрекеттер мен көріністерді ой-өріс, сана арқылы ой елегінен өткізіп, баға береді. Соның нәтижесінде жастардың мемлекеттегі әділеттілікке деген көзқарастары қалыптасады.

Құқықтық сана – Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы құқықтық мәртебесіне қатысты азаматтық, идеологиялық, құқықтық пайымдарының, көпбағытты көзқарастарының, пікірлерінің, ішкі бағаларының жүйесін құрайтын санасының бір түрі. Ұлттық психология мен ұлттық құқықтық сананың дағдылар мен салт-дәстүрлері - құқықтық нормалардың мәніне ерекше серпін беріп отырғаны жасырын емес. Қазақ билер сотының тамаша шешімдері мен дала заңының өркениеттіліктің өрісінен алыс емес, қайта мәндес, мазмұндас екендігін дәлелдеуде қазақ заңгерлерінің еңбектерінің құндылығы мәңгілік. Құқықтық сананың жоғары болуы қоғамдағы демократиялық құндылықтарды жете түсінуді ғана емес, барлық жариялылық бағытындағы үдерістерді жеделдетуді, жалпы бүкіл қоғамды демократияландыруды әлеуметтік әділеттік қағидасы негізінде жүргізуді қамтамасыз етеді.

Құқықтық сана саяси мазмұнға, сипатқа ие болады. Мемлекеттегі саяси процестер мен бағыттар әрқашанда құқықтық санаға өзінің әсерін тигізеді. Заңның өзі қоғамда жүргізіліп отырған саясатқа тәуелді. Мысалы, сталинизм кезінде саясат тоталитарлық жүйені және жеке адамның басына табынушылықты мемлекеттік дәрежеде нығайту болса, қоғамдық құқықтық сана сол саясаттың тікелей әсерінен халықтың құқықтық санасына «халық жауы» ұғымын жаппай қабылдатты, заңды екенін сіңірді. Фашизм де сондай сананы қалыптастырды.

Мемлекет және құқық теориясы қоғамдағы сана-сезімнің объективтік даму процесіне сәйкес құқық саналығының маңызын дамытып, нығайтып отырады. Құқықтық сана-сезімнің мазмұны төрт жүйедегі қарым-қатынастарды қамтиды: қоғамдағы нормативтік актілердің даму, жаңару, орындалу, қорғау процесін, оған халықтың сана-сезімінің әсерін, көзқарасын, іс-әрекетін біріктіреді. Жасөспірімдердің құқықтық санасы — жас ерекшеліктеріне, кәмелетке толмағандығына байланысты, өзіндік ерекшеліктері бар сана. Бұл сана жасөспірімнің организмі қалыптасып, жетілу кезеңіндегі ерекшеліктерден туындайды. Құқықтық тәрбие барысында осы өлшемдер міндетті түрде ескеріледі.

Қазіргі жағдайда жас ұрпақтардың сана – сезіміне, әрекет-қылығына әсер ететін жағдайлар сан алуан. Сондықтан да, құқықтық тәрбие жұмысын жүргізгенде оның түрлерін, амал-тәсілдерін, ұйымдастыру жолдарын алдын-ала анықтап, белгілеп алу қажет.

А.С. Макаренко сөзімен айтқанда, тәлім-тәрбие кең түрде алғанда әлеуметтік процесс. Кейде отбасының көп жыл бойы балаға жасаған ықпалы, оны қоршаған ортаның жағымды әсерінен басым түсуі әбден ықтимал. Сондықтан, отбасы тәрбиесіне теріс ықпал ететін жағдай жеткіншектің бойында ұнамсыз қасиеттердің болуына, қоғамға жат ой – пиғылдардың қалыптасуына әсер ететін басты себептердің бірі болып табылады.

Жастарды тәрбиелеудің негізі – отбасынан басталады. Отбасы адамның әлеуметтік өмірін айқындайды. Отбасы тәрбиесі – барлық тәрбиенің негізі. Әрбір баланың туылған кезінен бастап есейіп, ер жеткенге дейінгі өмірінің кезеңінде басты арқауы болатын тәлім-тәрбие отбасы мүшелері арқылы беріледі. Отбасы баланы ата-бабаның өмірінен алынған еңбек және қоғамдық іс-әрекеттердің ғасырлар бойы жинақталған озық тәжірибесімен таныстырып оны құрметтеуге жақсыға ұмтылып жаманнан жиренуге қоршаған ортаға бейімделуге, қарым-қатынас жасауға, өз бетімен жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасап отырған. Отбасы тәрбиесінің ажырамас құрылымына отбасылық тәрбие ахуалы-өзіндік дәстүр, жайлы жағдай, қарым-қатынас, отбасы өмірінің тәртібі, отбасы мүшелерінің іс-әрекетінің мазмұны жатады. Қазіргі отбасылар әрі сапалы, жаңа, әрі қарама-қайшы қоғамдық жағдайда дамып келеді. Отбасы мәселесінде мемлекет тарапынан қолдау жасалып маңыздылығын бекіту мен жоғарылату үшін бағдарламалар жүзеге асырылып, көңіл бөлінуде. Алайда отбасындағы келеңсіз жағдайлардың күшеюіне әсер ететін құбылыстар да көбеюде[5].

Отбасылардың тұрмысының төмендеуі, ата-аналардың айырылысуы нәтижесіндегі толық емес отбасылардың көбеюі, отбасында балаға қажетті қамқорлық пен мейірімнің болмауы отбасының елдегі, қоғамдағы жағымсыз жағдайлардан, отбасының шырқының бұзылуынан екені белгілі. Отбасындағы келеңсіздіктер балаға тікелей теріс әсерін тигізеді. Тәрбие мәселесінде мектеп пен отбасы үнемі бірігіп жұмыс жасауы қажет. Сонда ғана оң нәтижеге қол жеткізе алады. Әсіресе қазіргі

кезде қазақ отбасыларында жүйелі тәрбие беруге мүмкіндік жоқ деген пікірлер айтылуда. Бұл ата-аналардың мәдени деңгейі мен қоғам өміріне қатысуына және тұрмыстық жағдайға ата-аналардың жұмысбастылығына, өмір сүру ерекшеліктеріне, отбасы құрылымына байланысты. Жас жеткіншектер жеке тұлға ретінде толысып, дамып, өмір туралы түсініктері қалыптасу кезеңінде отбасы мен оқу орны бірлесе отырып жүйелі, дұрыс тәрбиені беруге жағдай жасауы керек. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылыққа апаратын басты фактордың бірі – балаға дер кезінде көмек берілмеуі, баланың мінез-құлқындағы кемшіліктерді байқамау мен өз бетінше бақылаусыз, қараусыз жүруі, ата-аналардың балаларына жұмыс бастылықпен көңіл бөлуге уақыт таппай немқұрайлы қарауы.

Бүгінгі тәуелсіз мемлекетімізде азат ойлы, рухы биік жастардың алдыңғы легі өсіп жетілді. Мемлекетіміздің басшысы жастарға үлкен сенім арта отырып, «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының форумында: «Біздің стратегиялық міндет-мемлекеттік басқарушылардың жаңа генерациясын, жаңа толқынын тудыру. Олар кәсіби дайындықтан өткен, сауатты, замана көшімен қатар, адымдаған, ел мүддесі үшін адал еңбек ететін, әртүрлі мүдделерімен сыбайласпаған адамдар болуға тиіс. Қарапайым тілмен айтқанда, біз мемлекеттік қызметкерлер болуының ауысуы қарсаңында тұрмыз».[6] - деп жастар алдындағы негізгі міндеттерді айқындап берді.

Қазақ халқы ежелден-ақ ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген. Тәрбие құралдарын таба білген. Батырлық та, даналық та осы тәрбиеден бастау алады. Өйткені, тәрбиенің өзі нағыз ұлттық құндылық. Қазақтың нақыл сөздері мен мақал-мәтелдері - тұнып тұрған тәрбие құралдары. Халқымыз «Көп сөз көмір, аз сөз алтын» деп бекерге айтпаған. Азда болса, мәнді, мағыналы сөзбен ұрпағын тәрбиелеп, психологиялық ерекшелігін сақтап, бірлігін қорғап, нығайтып, дамытып отырған. Сондықтан, ең дамыған 30 елдің қатарына ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып еңсек, болашағымыз баянды бола түседі. Қазақ жастары - елдің болашағы. Қай кезде де халқымыз өзінің болашағы - жастар тәрбиесіне көңіл бөліп отырған. Ұлт пен ұлыстың аманатын арқалаған жас өскінді тәрбиелеудің жолдары мен амалдары да сан қырлы. Солардың ішінде шешуші рөл атқаратын тәлімі мен тәрбиенің бір түрі - жастарды патриотизм үлгісінде тәрбиелеу маңызды іс саналады. Қазіргі кезде жастарымыздың арасында Отанды қорғауға деген саналы көзқарастың болмауы салдарынан әскер қатарында қилы келеңсіздіктер жиі кездесіп қалады. Сондықтан да балабақшадан бастап, мектепте, ЖОО-да және өзге де мекемелерде патриоттық тәрбие беруді қолға алудың қажеттігі айқын байқалуда. Тәрбиенің бұл түрі жас ұрпақты елін қорғауға, ұлттық әскер сапында адал қызмет атқаруға, азаматтық қасиеттерге баулиды. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму барысында саяси-идеологиялық, мәдени тұрғыдан жаңаруына сай жас ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие беру үкіметіміздің жаңа стратегиялық бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып саналады.

Кез-келген мемлекеттің қуттылығы, оның әскери күшінде ғана емес, оның ұлттық рухының күштілігінде. Мемлекеттің байлығы табиғи қорының молдығына емес, оның рухани байлығы: Отан сүйгіштік, Отанға адалдық, Қазақстандық патриотизмнің қалыптасуында. Бұл процес бір жағынан қазіргі заманғы құқықтық жүйенің қалыптасуымен, екінші жағынан азаматтардың, қоғамның, мемлекеттік орган қызметкерлерінің құқықтық мәдениетінің қалыптасуымен тікелей байланысты. Құқықтық мәдениеттің, құқықтық сананың және әрбір азаматтың белсенді қоғамдық қызметінің бастауы - құқықтық тәрбие мен құқықтық сауаттылығы болып табылады.

Білім - бұл толыққанды қоғам өміріне араласудың құралы ғана емес, мемлекеттің мақсаттарына сай азаматтарды тәрбиелеп шығаруының маңызды құралы. Құқықтық сауаттылықты іске асыруда жеке тұлғаның құқықтық санасын көтеру арқылы қоғамның құқықтық сауаттылығы мен әлеуметтік мәселелерді шешудегі жауаптылығы артып, мемлекеттің тұрақты түрде даму бағытын іске асыруға жағдай жасалады. Сондықтан құқықтық тәрбие мен құқықтық сауаттылық қоғам дамуының құқықтық қорғаушы күші ретінде қабылдануы қажет. Тек құқықтық сауатты әлеуметтік топ өкілі ғана қоғамды дұрыс бағытта дамытуға және өз құқын қорғауға мүмкіндік алады.

Мақаланы қорытындылай келе, қазіргі қоғамдағы жастардың құқықтық тәрбиесі мен құқықтық санасын қалыптастыру тек жоғарғы және орта оқу орындарындағы оқушыларды оқыту процесінде ғана емес халықтық барлық топтары арасында әсіресе балалар мен жасөспірімдер арасында жүргізілуі қажет екендігін айқындауға болады. Қазіргі кезеңде біріншіден жастар арасында құқықтық тәрбие өз дәрежесінде емес, қазіргі қоғам мен келешек алдында тұрған міндеттер мен талаптарға сай жүргізіліп отырған жоқ. Екіншіден бүгінгі оқушы бірнеше жылдан кейін өндірістік-техникалық және әкімшілік-басқару қызметіне тікелей байланыста болады. Мектеп оқушылары арасында оқушылардың арасында құқықтық сауаттылықтың төмендігі тіпті мүлдем сауатсыздығыда кездеседі. Бұл құқықтық сана мен құқықтық тәрбиені насихаттаудың бүгінгі күннің өзекті мәселесі екенін тағы

да дәлелдей түседі. Мемлекетіміздің алдына қойған басты міндеттері көп болғанымен құқықтық тәрбие кезек күттірмейтін мәселе, себебі ол мемлекет болашағының кепілі. Құқықтық тәрбие мектеп қабырғасынан бастап қолға алынып жас жеткіншектер құқықтың саяси-моральдық тұрғыдан басшылыққа алуы қажет. Құқықтық тәрбие - азаматтардың патриоттық сезімін қалыптастырудың негізі.

Пайдаланылған әдебиттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы.
2. Жарықбаев Қ. Аталар сөзі – ақылдың көзі. - Алматы: Қазақстан, 1980.
3. Арыстамбаева С. Гносеология как парадигма правого общественного сознания // Евразийское сообщество: общество, политика, культура.- 2014 - № 2. - С. 26-46.
4. Еликбаев Н. Некоторые аспекты правосознания и правовой культуры в новых условиях // Фемида. — 2004. — № 8,9. — Б. 36–50.
5. Галиев Е. Мектептің отбасымен байланысы. // Тәрбие құралы. – 2003 - №6.
6. Назарбаев.Н. Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын індет. // Айқын. - 2008 - 7 қараша.

ЗАНДЫЛЫҚ ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПТІ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ (ТЕОРЕТИКАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЗЕРТТЕУ)

*Байназарова Т.С., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің оқытушысы
Қаратай Б.Б., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің магистранты*

Мемлекет әртүрлі экономикалық, саяси, идеологиялық, ұйымдастық, құқықтық әдістері мен тәсілдері арқылы басқарылады. Осының ішінде заңдылық пен құқықтық тәртіп негізгі орынды алады, онсыз қоғам өмірі мен азаматтардың дұрыс өмір сүруі қамтамасыз етілмейді. Заңдылық адамдарды басқарудың ең ежелгі және өркениетті тәсілі. Қазір ол барлық демократиялық елдерде, әлемдік қоғамдастықта жалпы қабылданған. Ертеден бері келе жатқан заңгер ғалымдар және бүтіндей қоғамның назарына заң ғылымы мен тәжірибесінің көптеген мәселелерінің ішінде құқықтық тәртіп пен заңдылық мәселесі ерекше орын алады. Қоғам, мемлекет, азаматтардың қажеттіліктері мен мүдделері қоғам өмірінің негізгі тұстарында тұрақтылық пен реттілікті талап етіп тұр. ҚР –ның қазіргі кездегі дамуында нақты және қатаң қоғамдық, құқықтық тәртіп одан әрі ілгерілеудің жалғыз жолы болып тұр. Құқықтық мемлекет құру және оның өркениетті демократиялық дамуы онсыз мүмкін емес. Құқықтық тәртіп азаматтық қоғамның құқықтық негізін құрады. Оған оның барлық салалары негізделеді: әлеуметтік-мәдени, экономикалық және саяси. Сәйкесінше ол барлық мемлекеттік нақтылықтың құқықтық негізі болады» дей келе құқықтық тәртіп пен заңдылықтың өзектілігі айқындалады. Адамдар өмірінің маңызды жақтарының тұрақтылығы, тепе-теңділігі және өлшемділігі, кепілдігі және реттілігінің жағдайы құқықтық тәртіп пен заңдылықты зерттеудің өзектілігі болып тұр. Құқықтық тәртіп пен заңдылыққа деген көзқарастардың өзгеруімен және оның қалыптасуы мен қамтамасыз етілуімен сипатталады. Оның маңыздылығы ҚР Конституциясының 1 бабында айтылып кеткендей «Қазақстан демократиялық, зайырлы, құқықтық, унитарлы мемлекет» деп аталуында. [1]

Сонымен, заңдылық пен құқықтық тәртіп – құқықтың іс-тәжірибеде жүзеге асырылуы тұрғысынан алғанда оның құқықтық нақтылығының мазмұнын ашатын, заң ғылымының іргелі категориясы. Олар мемлекетпен, заң шығарушылықпен және сот төрелігімен бірге пайда болады.

Адамдар кез-келген қоғамдық қатынастарда құқықтық ойлау және түсініктері алуан түрлі болса, соған қарай құқықтық реттеу де әр түрлі үлгіде болады. Егер адамдар өткен құқыққа, қазіргі кездегі құқыққа және болашақтағы құқыққа деген көзқарастарын білдірсе, онда бұл қатынастар рациональды, ойға қонымды эмоцияға толы деңгейге көтеріледі. Қазақстан Республикасының Конституциясының 12 бабының 5 тармақшасында айтылып кеткендей қоғамдық имандылыққа нұсқан келмеуде құқықтық тәртіп маңыздылығына көңіл бөлуімізді талап етеді. Біздің зерттеуіміздің объектісі қоғамдағы тәртіпті реттеп отыратын қоғамдық қатынастар болып табылады. Негізгі мақсат құқықтық тәртіптің ұғымы мен ерекше белгілерін түсіндіру болып табылады. Құқықтың тәртіп беру